

қағазы арқылы ескертеді. Сотқа тек белгілі бір себеппен келмеуге болады (ауру, жолсапар, т.б.), бұл туралы міндетті түрде сотты ескертіп, оны дәлелдейтін қағазды ұсынуы қажет. Журналистің сотта болмауы өз құқықтарын қорғау мүмкіндігінен шектейді [6].

Заңның қандай үлгілерін және оларды қалай қалданудың жолдары өте көп. Оларды білу үшін заң факультетінде талай жылдар оқу керек. Бірақ бүгінгі күнде туындап жатқан мәселелер журналистің іскерлігіне қатысты негізгі құқықтарды білуге жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңы. ҚР 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451 Заңы. 22.04.2016 жаңартылған
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы №4, 217-құжат. 02.02.2011 жаңартылған
3. ҚР Азаматтық кодексі №269-ХІІІ 27.12.1994 жылғы
4. Журналисты Казахстана: попытка автопортрета., Международный фонд защиты свободы слова «Адил соз», Алматы, 2003
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. ҚР Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-ҰҚРЗ 10.09.2016 жаңартылған
6. А.Константинов: Журналистское расследование: история метода и современная практика/ под общ.ред. А.Д.Константинова. – СПб.: «Издательский Дом «Нева»: М.: «ОЛМА ПРЕСС», 2003.- 480с.

## СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Қалиев Б.А., ф.ғ.к., доцент,  
Қозыбаева Ә., студент  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын «адамдық белгі» (А.Байтұрсынов) болғандықтан, сол арқылы қарым-қатынасқа түсіп қана адамдар өз болмысын, төл мәдениетін ана тілінде қалап дамытады.

Тіл тазалығын сақтап мәдениетті сөйлеу бүгінгі күні оқушылар арасында үлкен мәселе тудырады. Сөз арасына, негізінен, орыс, ағылшын тілі сөздерін қосу, жаргонмен сөйлеу ана тіліміздің тазалығын бұзады. Осылармен күрес мектеп қабырғасынан бастау алу керек. Біз білімді тек оқулықтан ғана алмаймыз, көпшілікпен өзара қарым-қатынас арқылы да өз ойымыздың тереңдігін шындаймыз. Мектепте тілді оқыту жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп, тіл арқылы оқушыға барлық ғылымның негізі үйретіледі. Оқушылардың білімді болуының басы айтушының сөзін тыңдай білуден, дұрыс сөйлеу білуден басталады.

Тіл мәдениетін оқыту баланың мектепке келген күннен бастап жүргізіледі. Қазақ тілі сабақтарында балаға тілдің фонетикалық құбылыстары, лексикалық ерекшеліктері, грамматикалық заңдылықтары үйретіледі.

Сонымен қатар мұғалімнің алдына 2 міндет қойылады. Бірі – тілдің әдеби тіл нормасы бойынша білім беру, яғни оқушыға орфоэпиялық және орфографиялық дағдыны меңгерту; екіншісі – сөздік қорын молайту, сөздерді дұрыс тіркестіріп, даярлау. Оқушының сөздік қорын молайту, сөздерді өз орнына қолдана білуге жаттықтыру, оларды өзара байланыстырып сөйлем құрастыруға төселдіруге барынша мән берілуі тиіс [1, 64].

Баланың сөздік қоры – үдеріс. Оқушының неғұрлым сөздік қоры мол болып, ойлау қабілеті жақсы жетілсе, білімді терең де тез үйренеді. Осы мақсатқа жетудің бір жолы – лексикалық білімді игерту. Яғни оқушыны сөйлеуге үйрету үдерісінде ең маңызды орын алатын материал – лексика. Белгілі бір тілді меңгеру үшін лексиканы оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Адам қай тілде сөйлесін, сөздік қордан өзіне қажетті лексикалық тұлғаларды білмесе, біріншіден, айтайын деген ойын жеткізе алмайды, екіншіден, басқа біреудің айтқан сөзін, ойын дұрыс түсінбейді. Демек, адам сөйлесу, пікірлесу үшін тілдік қолданысқа керекті лексикалық құралдарды үйренбесе, тілдік қатынас та жүзеге аспайды [2, 118].

Сөз мағынасын, мәнін игеру арқылы оқушының ұғымы да кеңейеді. Сол мағына-ұғымдарды бір-бірімен байланыстырып, қарым-қатынасқа түсіру арқылы оқушының ойы дамиды. Соның нәтижесінде, өз ойына байланысты сөздерді лайықты қолдана білу дағдысының қалыптасуы арқылы сөздерді мағынасына орай қолдана білу икемділігі де артады.

Оқушының сөйлеуде біршама лексикалық қоры болғанымен, олардың бәрінің бірдей қолданылуын игере бермейді. Сөздің қатысымдық әрекет түрлеріне байланысты қолданылуын игермеу сөйлеу түрлеріне байланысты лексиканы қолдану икемділігі мен дағдысының қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Мәселен, синоним, неологизм, көнерген сөздер мен диалект, термин сөздердің қолданылу ерекшеліктерін әдеби тіл стилінсіз игере алмайды.

Оқушының тілін дамыту үшін лексикалық құралдардың құрылымдық-теориялық мәліметімен бірге, қарым-қатынаста қолданылу ерекшелігі туралы білімі мен дағдысын қалыптастырып, икемділігін арттыру қажет. Мәселен, синонимді оқытқанда, оның мәндес сөздер екендігі үйретілумен бірге, әдеби тіл стилі түрлеріне байланысты да сөйлеудегі қатысымдық ерекшеліктері меңгеріледі.

Мектептен педагогикалық тәжірибеден өту барысында байқағанымыз – көп оқушының әдеби тілде сөйлеуге шорқақтығы. Мұның басты себебі – орыс тілінде көп сөйлеу, кітапты аз оқу немесе мүлдем оқымау. Сынып ішінде таза қазақша сөйлеп отырған оқушылар дәлізге шығып, орыс тілінде «шүлдірлеп» тұрғанын көріп көңіліңіз түседі. Оқушылардың сөзге шорқақтықтары сабақ сұрау, айту барысында да анық байқалады. Жаңағы, яғни, сондықтан, сол себепті, немесе және т.б. деген сөздерді әр сөзден кейін айтатын оқушы өте көп. Бұл кемшіліктердің барлығы оқушының әдеби кітаптарды оқымағанынан, ғаламтордағы әлеуметтік желілерде көп отыратындығынан деуге болады.

Осындай кемшіліктерді жою үшін кез келген мұғалім әрбір ата-анадан балаларымен үй ішінде саналы түрде (мақсатты түрде деуге де болады) ана тілінде сөйлесулерін, ғаламтор парақшаларында аз отыруын, көркем әдеби кітаптарды жиі оқуын жіті қадағалауын талап ету керек.

Ал мұғалімнің өзі оқушыларға күнделікті өмірде де, сабақта да таза қазақ тілінде сөйлеу керектігін түсіндіріп, қазақ тілі сабағында тіл дамыту жаттығуларын көбірек жүргізуі қажет.

Іс-тәжірибе кезінде мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ жүргізу барысында тағы бір аңғарғанымыз – оқушылардың жазба жұмыстарында түрлі қатені көп жіберуі. Оқушылардың жазба жұмыстарында жіберілетін көптеген қатесі, негізінен, мынадай болып келеді:

- 1) лексикалық-стистикалық қателер.
- 2) орфоэпиялық және орфографиялық қателер
- 3) грамматикалық-стистикалық қателер:
  - а) морфологиялық тұлғаларды дұрыс қолданбау;
  - ә) синтаксистік байланыстың бұзылуы.
- 4) логикалық қателер.

Мәселен, сөз тіркестерін өзара байланыстырып сөйлеуде сөздің лексикалық ұғымын, оның ерекшелігі мен сан-салалы қызметін ескермей, әдеби норманы бұзушылық, мәтінде мағынасы мүлде жуыспайтын сөздерді орынсыз қолдану т.б. лексикалық-стистикалық қатеге жатады. Көп оқушы сөз мағынасын жете түсінбей жатады. Мысалы: Сәнқой адам өмір сүрмейді. Көктемде жылқылар құлыншақтайды, түйелер боздайды. Шоқан Уәлиханов білімді еңбектер жазды. Қалада қыспен қоштасып, көктемді қарсы алатын жәрмеңке болды. Кербездей қуанышты көктем келді. Шіркін, табиғатқа қарап тұрсаң, ойыңа бір үлес қосқандай. Жәңгір ханның өзі қулықшыл болады да, Махамбетті старшин етіп қояды.

Мұндағы курсивпен берілген сөздердің сөйлем ішінде мағынасы жағынан үлеспейтіні көрініп тұр. Яғни оқушы ол сөздердің мәнін айқын түсінбей қолданған.

Оқушының тіл мәдениеті – ғылым негіздеріне оқыту үрдісі мен өзін қоршаған адамдармен тілдік қарым-қатынас негізінде жазбаша және ауызша тілді игеру деңгейі. Ол жалпытілдік норманың сақталуымен, тілдің мазмұндылығы, ойлылығы, лексикалық байлығы, көркемдігімен әрі мәнерлілігімен сипатталады.

Яғни тіл мәдениеті дегеніміз – сыпайы, ізетті, сауатты сөйлей білу мен жаза білу және сөзді дәл айта білу, оны орнымен, әсерлі етіп қолдана алу шеберлігі деуге болады. Халықтың ұшан-теңіз сөз байлығының ішінен ең қажетті, ең ұтымды тілдік құралдарды тандап алып, оларды айтылмақ ой мен мәтіннің мазмұнына, мақсатына сай етіп тіркестіре алу білгірлік пен шеберлікті қажет етеді.

Сонымен, әр мәдениетті дамыған жеке тұлғаның ерекше маңызды қасиетінің бірі – тіл мәдениетін игеру. Сондықтан бүгінде оқушының тіл мәдениетін қалыптастыру мәселесі ерекше орын алып отыр.

«Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезілер еді. Ал мұндай шеберлік тек тіл мәдениеті жоғары адамдардың ғана қолынан келер жайт» [2, 27], – деп тұжырымдайды ғалым М.Балақаев.

Көптеген ғалымның еңбектерін, мерзімді баспасөз ақпараттарын талдай келе, оқушылардың тіл мәдениеті деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалдама, әңгімелесу, байқауларды негізге ала отырып, бүгінгі күнгі оқушылардың сөз саптауы көңіл аударарлық, көпшілігінің тіл мәдениеті төменгі деңгейде деген қорытынды жасауға болады.

Қазіргі оқушылардың тіл мәдениеті деңгейінің төмен болу себептері:

- көпшілігі ізденбейді;
- көркем әдебиет оқымайды, әсіресе қазақ әдебиетін оқымайды;
- ... жастар сөйлеу мәнерін әдейі бұзып сөйлейді;
- жаңа ақпараттық технологияның да әсері бар т.б.

Оқушы тілінде жиі кездесетін кемшіліктердің себептері:

1. Органың әсері:

а) оқушының сөйлеуіне жергілікті тіл немесе басқа тілдің ықпалы;

ә) көшенің әсері (дөрекі, былапыт тіл);

б) пән тілінің нормаларын жақсы меңгермеген мұғалімнің әсері;

2. Сөйлеу дағдыларының жоқтығы (мектептің тіл дамытуға немқұрайлы қарауы);

3. Жекелеген оқушы тіліндегі кемшілік (сақаулық, быдықтық, мыңғылдық т.б.).

Қысқаша айтқанда, зерттеуші ғалымдардың ой-тұжырымдары мен пікірлерін қарастыра келе, тіл мәдениетіне қойылатын мына талаптарды сақтасак қана, тіл тазалығына, сөзіміздің әуезділігіне мән береміз:

- сөйлегенде тілдегі дыбыстарды дұрыс, анық айту;
- сөйлеу әуені, қарқыны, дауыс күші мен кідірісті сақтау;
- екпіннің түсуін, үндесім заңын сақтау;
- сауатты, қатесіз жазу;
- жазба мәтіндерде тыныс белгілерін сақтау;
- әріп таңбаларын дұрыс, түсінікті жазу;
- дұрыс айтып, сөздердің тізбегін табиғи заңдылықтарымен дыбыстау;
- сөйлегенде сөз тұлғаларын, түрленуін сақтау, қосымша, көмекші сөздерді дұрыс, өз орнында қолдану;
- сөздерді өз мағынасына қарай қолдану, мағыналарын анық біліп отыру;
- сөйлемдерді, әсіресе, күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыру;
- керекті сөзді сөздік құрамның ішінен іріктеп, әдеби нұсқасын қолдану, ретсіз енген, баламасы бар кірме сөздерді, жергілікті тілге тән диалектілерді, жаргон сөздерді тұс-тұстан қолданудан қашық болып, реттеп отыру;
- тілдегі ауызекі, ресми іс-қағаз, публицистикалық, көркем әдебиет, ғылыми стильдердің әрқайсысының ерекшелігін сақтап отыру;
- сөйлеу әдебінің сақталуы;
- тілдегі көркемдік құралдар, тіл байлығын, оның мүмкіндіктерін пайдалану;
- сөйлеуде тілдің өз заңдылықтарына қатысты халықтың ұлттық ерекшеліктерін сақтау;
- сөйлегенде ойдың көлемі, мазмұндық құрылымы, хабардың жеткізу жүйесін реттеу;
- дыбыстауда мәдени-тарихи дәстүрді басшылыққа алып, тілдің ішкі даму заңдары қуаттайтын форманы негізге алу т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1999.
2. Купина Н.А. Работа над словом // Методика развития речи. – М., 1991. – 240 с.
3. Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1987. – 188 б.